

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 346 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 563 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 563 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 36, 364-құжат мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілер б е л г і л е у е р е ж е с і н д е :

7-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы;"

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерінің тізбесінде:

"Аса маңызды мемлекеттік объектілер" деген I бөлім мынадай мазмұндағы 8-бөлімшемен толықтырылсын:

"8. "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы"			
Астана қаласы			
1.	"Қазақстан Даму Банкі" АҚ, Астана қаласы		1
Барлығы 1 объект			

" ;

к е с т е д е :

"Аса маңызды мемлекеттік объектілер" деген I бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-жолмен толықтырылсын:

"8 "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы" 1 - - 1";

"Жиыны" деген жолда "1077", "110" деген сандар "1078", "111" деген

сандармен

ауыстырылсын;

"Тізбе бойынша барлығы" деген жолда "1345", "236" деген сандар "1346", "237" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК